

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/GNDX9262>

***С. С. Шоқабеева**

Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2705-276X>

*e-mail: shokabaeva@yandex.kz

ФОНЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛІН СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚАТЫНАСҚА САЙ ПАЙЫМДАУ

Бұл мақалада қазіргі қазақ тілінің сөзжасамындағы дәстүрлі емес фонетика-семантикалық тәсілді сөзжасамдық қатынасқа сай пайымдау мәселесі ұсынылған. Мақалада осы уақытқа дейін сөзжасамның дәстүрлі емес тәсілі ретінде қарастырылып жүрген фонетика-семантикалық тәсілді дәстүрлі тәсіл деп танудың тілдік деректері, теориялық тұжырымдар келтірілген. Қазақ тілінің қалыптасу, даму барысындағы тарихи сөзжасам үдерісінің негізінде жатқан көптеген фонетикалық, фонологиялық, фонеморфологиялық, «ішкі флексия», дыбыстық трансформациялар сияқты құбылыстардың сөзжасамдық аспектісі қарастырылған. Тілші ғалымдардың еңбектеріндегі тілдік деректерге сүйене отырып, мысалдар негізінде автор өз тұжырымын жасаған. Тілдің сөздік қорының фонетикалық тәсілдер арқылы толығуы тек қазақ тілінде емес, түркі тілдерінде де, көптеген тілдерде кездеседі. Бұл тәсіл әсіресе флективті тілдерде өте өнімді қолданылады. Қазақ тіл білімінде өте өнімді тәсіл деп есептелмегенімен, фонетика-семантикалық тәсілмен жасалған сөздер аз емес. Бұл – түркі тілдерінде де, қазақ тілінде де көнеден келе жатқан тәсілдердің бірі. Сөздік қорымызда тас-тес, азу-езу, ашық-есік, аса-есе, қары-кәрі, қал-кел, ақ-әк, құшу-қысу, бақ-бау, ауа-әуе т.с.с. көптеген мағыналары да, дыбысталуы да біріне-бірі жуық сөздердің болуы, қолданылуы аталмыш тәсілдің көне, өнімді екенін дәлелдейді.

Кілтті сөздер: фонетика-семантикалық тәсіл, фонология, фонеморфология, сөзжасамдық қалып, дыбыстық трансформация.

Кіріспе

Қазақ тілі сөзжасамында тәсілдерді дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөліп қарастыру бар. Дәстүрлі тәсілдер деп синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдер қарастырылып жүрсе, дәстүрлі емес тәсіл ретінде фонетика-семантикалық тәсіл қарастырылып жүр. Дыбыстардың, әртүрлі дыбыстық құбылыстардың сөзжасам үдерісіне қатысуы, сөз мағынасын ажырату қызметін де атқаруының тілші ғалымдар назарынан тыс қалуы бұл мәселені сөзжасамдық қатынасқа сай дұрыс пайымдаудың маңызын дәлелдейді. Бұл мәселенің теориялық әрі практикалық маңызы зор. Өйткені фонетика-семантикалық тәсіл сөзжасамды диахрондық, синхрондық аспектіде кеңінен зерттеуге көп мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық, практикалық маңызы тілімізде этимологиясы белгісіз этимон түбірлерді, сөздің архисемасын дәл анықтауға, тілдің қазіргі жағдайын оның тарихымен байланыста зерттеуге бірден-бір жол ашады.

Материалдар мен әдістері

Мақалада Ф. А. Ганиев, И. А. Батманов, Н. А. Баскаков, А. Villalva, С. А. Goncalves, Ф. Қалиев, Б. Сағындықұлы, Е. Қажыбеков, А. Салқынбай, М. Ескеева, А. Мамерова, Э. Аннай сынды отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері фонетика-семантикалық сөзжасам тәсілін зерттеуге негіз болды.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, сипаттау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілі сөзжасамында фонетика-семантикалық сөзжасам тәсілі терминінің пайда болып, қалыптасуы ғалым А.Салқынбай есімімен тығыз байланысты. Өйткені сөзжасам жеке сала ретінде танылып зерттелгелі бері барлық ғылыми еңбектерде, академиялық грамматикаларда, оқулық, оқу құралдарында осы уақытқа дейін сөзжасамның дәстүрлі үш тәсілі аталып жүр: 1) синтетикалық, 2) аналитикалық, 3) лексика-семантикалық. Ғалым А.Салқынбай «Қазақ тілі сөзжасамы» оқу-әдістемелік кешенінде сөзжасамның төрт тәсілін көрсетеді: «Түркі тілдерінің жалғамалы тіл деп танылуы олардың синтетикалық сөзжасам жүйесі арқылы сөз жасау қабілетінің белсенділігін көрсетеді. Бірақ бұл тілдерде өзге сөзжасамдық тәсілдер болмайды деген сөз емес. Кез келген тілдік жүйеде сөз жасау тәсілдерінің қай-қайсысы болса да кездеседі, тек олардың сөз жасау белсенділігі әртүрлі болады. Мұның өзі тіл-тілдегі әмбебаптық қасиетті танытса керек», – дей келе сөзжасамның мынадай төрт тәсілін көрсетеді:

- 1) фонетика-семантикалық;
- 2) семантикалық;
- 3) синтетика-семантикалық;

4) аналитика-семантикалық» [1, 30].

Фонетикалық тәсілді татар ғалымы Ф.Ганиев те қолдайды. Ғалым «Современный татарский литературный язык: суффиксальное и фонетическое словообразование» еңбегінде сөзжасамдық тәсілдің мынадай түрлерін көрсетеді: 1. суффикстік, 2. бірігу, 3. күрделі суффикстік, 4. фонетикалық, 5. лексика-грамматикалық, 6. лексика-семантикалық, 7. қысқарған сөз [2].

Ғалым Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегінде: «Оз= түбірінің сингармониялық варианты үз тіпті ерте кезде қолданысқа түскен. Төрт йүз оқ үз атқычылар малик хидматында бар еди (Наджиб, II, 1975, 41) (Төрт жүз мерген [сөзбе-сөз аударғанда – үздік оқ атушы] патша қызметінде бар еді). Осы мысалдағы үз формасы «үздік» сын есімнің түбірі екендігі және оның ілгеріде жеке қолданыста болғандығы дәлелдеуді қажет етпейді» [3, 232]. Бұдан шығатын қорытынды: сөздердің сингармониялық варианттарының болуы фонетикалық тәсілдің көнеден келе жатқан құбылыс екенін дәлелдейді. Сонымен қатар оз және үз варианттарының арасындағы мағыналық байланыс сақталған. Қазіргі қазақ тілінде оз жеке сөз ретінде қолданылып, етістік қызметін атқарса, үз сөзі де етістік қызметін атқарады, мағынасы бір нәрседен ажырау, айырылу мағынасында. Мысалы, үміт үзді, қол үзді, күдер үзді т.с.с. Оз түбірі де, үз түбірі де қатыстық сын есім жасауға негіз болады. Мәселен, үздік оқытушы, үздік мектеп, үзік-үзік арқан, озық команда, озат оқушы т.б.

Фонетика-семантикалық тәсілдің ішкі флексия арқылы да жүзеге асуы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде ежелгі дәуірде болған. Ғалым Б. Сағындықұлы бұл жайында былай деп жазады: «Түркі тілдері тарихқа белгісіз ежелгі дәуірде флексиялық құрылымды басынан өткерген. Мұндай құрылымның басты ерекшелігі – түбірлердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан тұратындығы. Лингвистикалық әдебиеттерде мұндай морфема «силлабофонема» деп аталады. Бірнеше силлабофонема өзара омонимдес болғандықтан, силлабофонеманың құрамындағы дауысты да, дауыссыз да қытай тіліндегідей әртүрлі сапада айтылған. Силлабофонема мағынасын ішкі флексия түрлендірген. Белгілі бір дауысты дыбыстың дауыссыз дыбыстың алдында яки соңында келуі, түсіріліп айтылуы тағы басқа комбинациялық өзгерістері ұғым, түсінікті жеткізуде шешуші роль атқарған. Қай дыбысқа қаншалықты акцент берілуі ішкі флексияны реттеп отырған. Қазіргі тілдердегі түрлі-түрлі екпін – есте жоқ ежелгі дәуірдегі акцентологияның қалдықтары. Жеке-дара дауыссыз дыбыстар заттардың, нәрселердің, қимыл-қозғалыстың, күйдің, сын-сапа, қасиеттердің атауы болған. Ал дауысты дыбыстар әр түрлі семантикалық өзгерістерді, реңктерді жеткізген» [3, 245]. Осы тілдік дерек те фонетика-семантикалық тәсілдің өте көне тәсіл екенін дәлелдей түседі. Сондықтан, біздіңше, көптеген тіпті ғылыми еңбектердің басым көпшілігінде

көрсетіліп жүрген қазіргі қазақ тілінде дәстүрлі үш сөзжасамдық тәсіл бар, ал фонетика-семантикалық тәсіл дәстүрлі емес сөзжасам тәсілі деген жаңсақ пікір деп есептейміз. Бұған қоса дәстүрлі үш сөзжасам тәсілі деп аталып жүрген синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілмен салыстырғанда, фонетика-семантикалық тәсілдің пайда болу дәуірі, тарихы олардан әлдеқайда ерте басталған. Өйткені сөздің өзі дыбыстан құралады. Ал ежелгі заманда бір немесе екі дыбыстың өзі лексикалық мағынасы бар сөзді білдірген.

Ғалым М. Ескеева, А. Маемерова, Э. Аннайдың «Қазақ және тува тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» оқу құралындағы мына пікір де әртүрлі тарихи дыбыс өзгерістерінің сөзжасамдық құбылыстармен де байланысты екенін дәлелдейді: «Түркілік тектілдің (протоязык), бабатілдің (праязык) даму бағытына, жалпытүркілік негіз тілдің тілдік топтарға, жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіне сәйкес орныққан мұндай тарихи дыбыс өзгерістері дербес түркі тілдерін бір-біріне ажырататын негізгі критерийлер қатарынан орын ала отырып, белгілі бір дәрежеде гомогенді сөздердің семантикалық дифференциациясымен, яғни сөзжасамдық құбылыстармен ұласып жатады. Дыбыс сәйкестіктері түркі тілдері арасында да, бір тіл ішінде де кездеседі, олардың бір бөлігі мағыналары бірдей фонетикалық варианттар қалыптастырса, енді бір бөлігі түбірлес сөздердің семантикалық деривациясы қатарындағы ортақ семаға негізделген әртүрлі ұғымдарды білдіретін параллельдерді құрайды» [4, 32].

Дыбыстардың сөзжасамдық қызметі фонологиямен де байланысты. «Фонологияның басты зерттеу объектісі – фонема, яғни дыбыстың сөздегі қызметі. Мыс., қас – қаз сөздерінің мағыналық айырмашылығы қатаң с пен ұяң з дыбыстарының сигнификативтік (мағына айырғыштық) қызметіне байланысты болып отыр [5, 476].

Тарихи сөзжасам мәселесін зерттеген ғалым А. Б. Салқынбай “Қазақ тілі: Сөздік құрам. Сөзжасам” оқу құралында: «Фонетика-семантикалық сөзжасамдық тәсіл тарихи ұзақ уақыттың жемісі. Сәйкес дыбыстардың жіктелісі мен туынды атау ретіндегі дамуы сәтте болатын құбылыс емес. Тарихи дамудың нәтижесі. Дыбыстардың жіктелу процесінің негізінде әлем бейнесінің көрінісі болатын ұғымы белгілейтін архитұлғаның (таңбаның) артикуляциялық өзгерісі жатады. Атаулық қажеттілікті өтеу үшін тілдегі аффрикат күрделі тұлғалар жіктеліске түседі, ал аллофондары мағына жасаушы фонемаға айналады...» [6, 297].

Сөзге дыбыстардың ауысып жалғануының өзі сөздердің сөз табын ажырату қызметін атқарған. Мысалы, кө түбіріне -р және -л дыбыстарының жалғануы сөз табын ажыратып тұр, бұл сөздердің арасында семантикалық байланыс сақталған.

Ғалым Е.Қажыбеков «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках (явление синкретизма)» еңбегінде «Словообразование в тюркских языках также может осуществляться фонетическим способом» [7, 87] деген орынды пікір айтады.

Фонетика-семантикалық тәсілде бір буынды сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі нәтижесінде сөздің жаңа мағынаға ие болатынын И. А. Батманов [8], Н. А. Баскаков [9] т.б. ғалымдардың зерттеулері дәлелдейді. Бұған дәлел ретінде сал – сат, кел – кет, ал – ат, жой – жоқ, той – ток, көр – көз, соқ – сой, береке – мереке, бол – мол, бат – мат, (малты), жабы – жаман, өкім – үкім т.с.с. мысалдарды келтіруге болады. Ғалым И. А. Батманов бұндай құбылыстарды “ішкі флексия” деп атаған.

Фонетикалық сөзжасамның тағы бір көрінісі – ықшамдау. Ықшамдау нәтижесінде пайда болған туынды сөздер тілімізде аз емес. Мысалы, заһар сөзінің ықшамдалған варианты зәр сөзін алайық. Зәр сөзі – заһар сөзінің ықшамдалған түрі. Бірақ бұл екі сөз бір ғана мағынада қолданыла бермейді. Демек, стильдік қолданыста өзгешелік пайда болды деген сөз. Ықшамдалған сөздер – тілдің табиғи дамуы нәтижесінде пайда болған сөз вариантының, сөзжасам жолының өнімді үлгілері. Бұған қоса, жолшы – жолаушы, шабар – шабарман, бұйым – бұйымтай, шырақ – шырағым, әйтсе – әйтпесе, сағат – сәт, табиғат – тәбет, судай жаңа – су жаңа, тастай қараңғы – тас қараңғы, Мақамбет – Мәмбет, бағасы – бәсі, тұғын – тын қосымшасы (баратұғын – баратын), арагідік – әредік, тағат – дәт, рақат – рәт, қаһар – қар, саһар – сәрі (сонымен қатар тілімізде қолданылып жүрген сәресі сөзі – сахар асы сөзінің кірігуінен жасалған), шаһар – шар т.с.с. сөздерді мысалға келтіруге болады. Сөзжасамдағы ықшамдау мен қысқаруға қатысты шетел ғалымдары А. Villalva, С. А. Goncalves «The Phonology and Morphology of Word Formation» мақаласында былай деп жазады: “According to Fandrich (2008: 116), clipping is unquestionably a process of word formation: the shortening «changes records or styles compared to their complete counterparts» [10].

Көне заманда дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі негізінде жасалған сөзжасамдық үдерістер сөз таптарына бөлінуудің де негізгі бір қайнар көзі болған. Сөзжасамдық үдерістер сөз мағыналарының жіктелуін жүзеге асырған. Нәтижесінде, сөз таптары бөлініп, ажыратылған. Мысалы: *ат – ет, ас – аш, көз – көр, өд – өт, бай – бақ, тоң – тон, көң – көн, күн – күй, бор – боз, аз – ар(ық), жай – жақ, қаз – қад(а), дақ – жақ, бес – мес, далаң – жалаң, атырау – ажырау, алақан – айа* т.б. Осылайша, сөздердің сөз табына жіктелуі – фонетика-семантикалық сөзжасам үдерісінің жемісі.

Ғалым А. Салқынбай тілдің тарихи дамуында дыбыстардың сәйкесуі негізінде антонимдік жұптар жасалғанын дәлелдейді: «Фонетика-

семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы тілдің тарихи дамуында мынадай дыбыстардың сәйкесуі негізінде антонимдік жұп жасалған:

Л ~ Т: кел – кет, ал – ат (кесек ату), құл – құт;

Қ ~ У: жақ – жау;

С ~ Ш: бас – баш (ай), ұс(та) – ұш;

О ~ Ү: тоқ – түк (жоқ);

О ~ Ө: ор – өр, оңу – өн (у);

А ~ Е: қайт – кет;

З ~ С: ыз (ғар) – ыстық» [1, 154].

Сөздердің жасалуында дыбыстардың атқаратын қызметі зор. Тілімізде дыбыстардың алмасуы сөздің мағынасына да басқаша өң беретін жағдайлар кездеседі. Бір дыбыстың орнына басқа дыбыстың қолданылуы да оның мағынасын өзгертеді. Сөздің жасалуында уәжді ауытқу және уәжсіз ауытқу деген құбылыстар бар. Уәжді ауытқу фонетика-семантикалық сөзжасамға қатысты. Уәжді ауытқу дегеніміз – арнайы сөзді бұзып айту. Бұған мысал ретінде бауырым сөзін алайық. Осы сөзді жақын адамы қайтыс болған ер адам үйге «бауырем, бауырем» деп жоқтау айтып келгенде айтады. Бұл ретте бір дыбыс үлкен семаның қызметін атқарып тұр. Бауырым сөзіндегі ы дыбысын «е» етіп өзгертіп айтудағы мақсат – көпшіліктің назарын аудару. Осы сияқты тілдік құбылыстар фонетикалық сөзжасамды жүзеге асыратын үрдіс дыбыстың артикуляциялық-акустикалық дамуы ғана емес, сөзжасамдық қасиетімен де тығыз байланысты екенін дәлелдейді.

Қорытынды

Қорытындылап айтқанда, жоғарыда айтылғандардың негізінде фонетика-семантикалық сөзжасам тәсілі сөзжасам тәсілдерінің ішіндегі ең көне тәсіл деуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, сөзжасамда қалыптасқан дәстүрлі үш сөзжасам тәсілі бар, фонетика-семантикалық сөзжасам тәсілі дәстүрлі емес тәсіл деген қалыптасқан пікір, көзқарас қайта таразылауды қажет етеді және бұрыс деп есептейміз. Өйткені сөз дыбыстардан құралады. Дыбыссыз сөз жоқ. Бұған қоса жоғарыда келтірілген тілдік деректердің барлығы дыбыстардың тек форма жасаудағы емес, сөзжасамдағы қызметін дәлелдей түседі. Атап айтқанда:

- тілімізде сөздердің сингармониялық варианттарының болуы фонетика-семантикалық тәсілдің көнеден келе жатқан құбылыс екенін дәлелдейді;
- фонетика-семантикалық тәсілдің ішкі флексия арқылы да жүзеге асуы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде ежелгі дәуірде болған;
- сөздің өзі дыбыстан құралады, ал ежелгі заманда бір немесе екі дыбыстың өзі лексикалық мағынасы бар сөзді білдірген;
- дыбыстардың сөзжасамдық қызметі фонологиямен де байланысты;

- сөзге дыбыстардың ауысып жалғануының өзі сөздердің сөз табын ажырату қызметін атқарған;

- фонетика-семантикалық тәсілде бір буынды сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі нәтижесінде сөз жаңа мағынаға ие болады;

- фонетикалық сөзжасамның тағы бір көрінісі – ықшамдау. Ықшамдау нәтижесінде пайда болған туынды сөздер тілімізде аз емес. Ықшамдалған сөздер – тілдің табиғи даму нәтижесінде пайда болған сөз вариантының, сөзжасам жолының өнімді үлгілері;

- көне заманда дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі негізінде жасалған сөзжасамдық үдерістер сөз таптарына бөлінудің де негізгі бір қайнар көзі болған. Нәтижесінде, сөз таптары бөлініп, ажыратылған;

- тілдің тарихи дамуында дыбыстардың сәйкесуі негізінде антонимдік жұптар жасалған;

- сөздің жасалуында уәжді ауытқу және уәжсіз ауытқу деген құбылыстар бар. Уәжді ауытқу – фонетика-семантикалық сөзжасамның бір көрінісі деп қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Салқынбай, А. Б.** Қазақ тілі сөзжасамы: оқу-әдістемелік кешен [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2007. – 192 б.

2 **Ганиев, Ф. А.** Современный татарский литературный язык : суффиксальное и фонетическое словообразование: монография [Текст]. – Казань: Дом печати, 2005. – 359 с.

3 **Сағындықұлы, Б.** Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері : антология [Мәтін]. – Павлодар : С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 262 б.

4 **Ескеева, М., Маемерова, М., Аннай, Э.** Қазақ және тува тілдерінің салыстырмалы грамматикасы : оқу құралы [Мәтін]. – Астана : Мастер По ЖШС, 2017. – 160 б.

5 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі [Мәтін]. / Ғ. Қалиев; бас редактор Е. М. Арын; құрастырушы, жауапты редактор А. Ж. Құдабаев. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 546 б.

6 **Салқынбай, А. Б.** Қазақ тілі: Сөздік құрам. Сөзжасам: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 390 б.

7 **Кажибеков, Е. З.** Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках (явление синкретизма) [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1985. – 272 с.

8 **Батманов, И. А.** Краткое введение в изучение киргизского языка [Текст]. – Фрунзе : Киргизгосиздат, 1947. – 113 с.

9 **Баскаков, Н. А.** Историко-типологическая фонология тюркских языков [Текст]. – Москва : Наука, 1988. – 208 с.

10 **Villalva, A., Gonçalves C. A.** The Phonology and Morphology of Word Formation [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/316425788_The_Phonology_and_Morphology_of_Word_Formation

References

1 **Salқы`nbaj, A. B.** Қазақ тили сөзжасамы` : оқу-әдістемелік кешен [Word formation in the Kazakh language: educational and methodological complex] [Text]. – Алматы` : Қазақ университеті, 2007. – 192 p.

2 **Ganiev, F. A.** Sovremenny`j tatarskij literaturny`j yazы`k: suffiksaly`noe i foneticheskoe slovoobrazovanie: monografiya [Modern Tatar literary language: suffixal and phonetic word formation: monograph] [Text]. – Kazan` : Dom pechati, 2005. – 359 p.

3 **Sary`ndy`kuly`, B.** Қазақ тили лексикасы` damuy`ny`n e`timologiyaly`k negizderi: antologiya [Etymological foundations of Kazakh language vocabulary development: anthology] [Text]. – Pavlodar` : S.Torajғы`rov atы`ndaғы` Pavlodar memlekettik universiteti, 2010. – 262 p.

4 **Eskeeva, M., Maemerova, M., Annaj, E`.** Қазақ және тува тилдерінің салы`сты`рмалы` грамматикасы` : оқу құралы` [Comparative grammar of the Kazakh and Tuva languages : textbook] [Text]. – Astana: Master Po ZhShS, 2017. – 160 p.

5 **Qaliev, F.** Til bilimi terminderiniń tıysındırme sөzdigi [An explanatory dictionary of linguistic terms] [Text]. / F. Qaliev; bas redaktor E. M. Ary`n; құрасты`rushy`, zhauapты` redaktor A. Zh. Qydabaev. – Pavlodar: S. Torajғы`rov atы`ndaғы` Pavlodar memlekettik universiteti, 2010. – 546 p.

6 **Salқы`nbaj, A. B.** Қазақ тили: Сөздік құрам. Сөзжасам: оқу құралы` [Kazakh language: Vocabulary. Vocabulary : a study tool] [Text]. – Алматы` : Kazak universiteti, 2020. – 390 p.

7 **Kazhibekov, E. Z.** Glagol`no-imennaya korrelyaciya gomogenny`x kornej v tyurkskix yazы`kax (yavlenie sinkretizma) [Verb-Nominal Correlation of Homogeneous Roots in Turkic Languages (The Phenomenon of Syncretism)] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1985. – 272 p.

8 **Batmanov, I. A.** Kratkoe vvedenie v izuchenie kirgizskogo yazы`ka [A Brief Introduction to Learning the Kyrgyz Language] [Text]. – Frunze : Kirgizgosisdat, 1947. – 113 p.

9 **Baskakov, N. A.** Istoriko-tipologicheskaya fonologiya tyurkskix yazı'kov [Historical and typological phonology of the Turkic languages] [Text]. – Moskva : Nauka, 1988. – 208 p.

10 **Villalva, A., Gonçalves C. A.** The Phonology and Morphology of Word Formation [E'lektrondy`k resurs]. – [Electronic resource]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/316425788_The_Phonology_and_Morphology_of_Word_Formation

04.12.23 ж. баспаға түсті.

17.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. С. Шокабаева

Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана

Поступило в редакцию 04.12.23.

Поступило с исправлениями 14.02.24.

Принято в печать 25.11.24.

ОБОСНОВАНИЕ ФОНЕТИКО-СЕМАНТИЧЕСКОГО СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОГО СПОСОБА В СООТВЕТСТВИИ СО СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ ОТНОШЕНИЕМ

В данной статье представлена проблема осмысления нетрадиционного фонетико-семантического способа в словообразовании современного казахского языка в соответствии со словообразовательным отношением. В статье приводятся языковые данные, теоретические выводы о признании фонетико-семантического способа традиционным, который до сих пор рассматривался как нетрадиционный способ словообразования. Рассмотрен словообразовательный аспект многих таких явлений, как фонетические, фонологические, фonomорфологические, “внутренние флексии”, звуковые трансформации, лежащие в основе исторического словообразовательного процесса в процессе становления, развития казахского языка. Опираясь на примеры, языковые данные, отраженных в трудах ученых-лингвистов, автор делает свой вывод. Пополнение словарного запаса языка фонетическими способами происходит не только в казахском, но и в тюркском, а также во многих языках мира. Этот способ очень продуктивно используется,

особенно в флективных языках. Хотя это не считается очень продуктивным способом в казахском языкознании, есть немало слов, созданных фонетико-семантическим способом. Это один из древнейших способов, как в тюркских, так и в казахских языках. Наличие и применение слов в нашем словарном фонде, схожих по значению и звучанию, таких как тас-тес, азу-езу, ашық-есік, аса-есе, қары-кәрі, қал-кел, ақ-әк, қушу-қысу, бақ-бау, ауа-әуе и т. д. доказывают, что данный способ древний и продуктивный.

Ключевые слова: фонетико-семантический способ, фонология, фономорфология, словообразовательная форма, звуковая трансформация.

*S. Shokabayeva

L. N. Gumilev Eurasian

National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Received 04.12.23.

Received in revised form 14.02.24.

Accepted for publication 25.11.24.

REASONING OF THE PHONETIC-SEMANTIC WORD-FORMATION METHOD IN ACCORDANCE WITH THE WORD-FORMATION RELATION

This article presents the problem of understanding the non-traditional phonetic-semantic method in the word formation of the modern Kazakh language in accordance with the word-formation relation. The article presents linguistic data, theoretical conclusions on the recognition of the phonetic-semantic method as traditional, which until now has been considered as an unconventional way of word formation. The article considers the word-formation aspect of many phenomena such as phonetic, phonological, phonomorphological, “internal inflections”, sound transformations underlying the historical word-formation process in the process of formation and development of the Kazakh language. Based on examples, linguistic data reflected in the works of linguists, the author draws his conclusion. Replenishment of the vocabulary of the language by phonetic methods occurs not only in Kazakh, but also in Turkic, as well as in many languages of the world. This method is very productively used, especially in inflectional languages. Although this is not considered a very productive way in Kazakh linguistics, there are many words created in a

phonetic-semantic way. This is one of the oldest ways, both in Turkic and Kazakh languages. The presence and use of words in our vocabulary that are similar in meaning and sound, such as tas-tes, azu-ezu, ashyq-esik, asa-ese, qary-kari, qal-kei, aq-ak, qushu-qysu, baq-bau, aua-aue etc. prove that this method is ancient and productive.

Keywords: phonetic-semantic method, phonology, phonomorphology, word-formation form, sound transformation.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz